

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің  
Спорт және дene шынықтыру істері комитетінің  
«Қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы»  
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының  
2025–2028 жылдарға арналған

### ҰЖЫМДЫҚ ШАРТЫ

Шарт 2025 жылғы 10 шілдеде кызметкерлердің жалпы жиналышында талқыланып,  
бекітілді.

Шарттың қолданылу мерзімі – 3 жыл.

«Қысқы спорт түрлері бойынша  
олимпиадалық даярлау орталығы»  
РМКК директорының м.а.

Р. Кантарбаев

«Қысқы спорт түрлері бойынша  
олимпиадалық даярлау орталығы»  
РМКК жергілікті кәсіподак төрағасы

А. Швецов

2025 жыл

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Ұжымдық шарт Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – ҚР ЕК), 2014 жылғы 27 маусымдағы «Кәсіптік одактар туралы» Қазақстан Республикасының Занына және Қазақстан Республикасының өзге де заннамалық, нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді. Шарттың мақсаты – қызметкерлердің әлеуметтік және еңбек кепілдіктерін сактауды камтамасыз ету, үйим қызметінің қолайлы жағдайларын жасау, қызметкерлердің әлеуметтік коргалуын арттыру, тараптардың өзара жауапкершілігін күшету, Кәсіпорының жалпы қызметін жетілдіру және Қазақстан Республикасының еңбек заннамасының талаптарын орындау.

1.2. Осы ұжымдық шарттың тараптары: Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дene шынықтыру істері комитетінің «Қыскы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – ҚСО ОДО, Кәсіпорын) атынан директордың міндетін атқарушы Р.К.Қантарбаев, бұдан былай «Жұмыс беруші» және Кәсіпорын қызметкерлерінің өкілі – «ҚСО ОДО Жергілікті кәсіподагы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Кәсіподак) атынан төраға Швецов А.А.

1.3. Ұжымдық шарт – бұл Тараптардың өзара мүдделерінің үйлесімділігі негізінде Жұмыс беруші мен Кәсіпорын қызметкерлері арасындағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық акт. Осыған сәйкес әрбір Тарап екінші Тарап өкілдерінің өкілеттіктерін мойындайды және белгілі бір міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

1.4. Ұжымдық шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес, Тараптардың өкілдерінің еріктілігі, өкілеттілігі, мазмұнын құрайтын мәселелерді еркін тандау, талқылау және шешу, қабылданған міндеттемелердің накты орындалуы қағидаттары негізінде жасалды.

1.5. Осы шарттың мәні – Қазақстан Республикасының заннамасымен салыстырғанда негізінен қосымша еңбек жағдайлары мен оның ақысы, Жұмыс беруші ұсыннатын кепілдіктер мен женілдіктер және өзге де мәселелер.

1.6. Ұжымдық шарт Тараптармен 2025 жылғы 10 шілдеден 2028 жылғы 10 шілдеге дейін 3 (үш) жыл мерзімге жасалды.

1.7. Жұмыс беруші Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбек және оған байланысты әлеуметтік-экономикалық қатынастар саласындағы мүдделерін білдірге өкілеттік берген олардың жалғыз өкілі ретінде Кәсіподакты мойындайды. Ұжымдық шарттың күші жұмыс берушіге, атынан ұжымдық шарт жасалған үйим қызметкерлеріне және оған қосылған қызметкерлерге таралады.

1.8. Кәсіподак мүшесі болып табылмайтын қызметкерлер ұжымдық шартқа қосылуы үшін мынадай өтініштерді жазуы тиіс:

-Кәсіпорын Кәсіподагы төрағасының атына ұжымдық шартқа қосылу және олардың құқықтарын қорғау туралы өтініш;

-Жұмыс берушінің атына Кәсіпорын Кәсіподагының пайдасына ерікті жарналарды үстап қалу туралы өтініш.

1.9. Өтініштердің нысаны Кәсіпорын Кәсіподагымен бекітіледі.

1.10. Қызметкер ұжымдық шартқа Кәсіпорын Кәсіподагы төрағасы өтінішті келісімге кол койған сәттен бастап қосылған болып есептеледі.

1.11. Қосылған қызметкерлер міндетті:

- Кәсіподак белгілеген мөлшерде ерікті жарналарды уакытылы төлеу;
- ұжымдық шарттың нормалары мен қағидаларын сактау.

1.12. Ұжымдық шарт Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жасалған. Кәсіпорын қызметкерлерімен жасалатын еңбек шарттарында Қазақстан Республикасының

енбек заннамасында және осы ұжымдық шартта белгіленген қызметкерлердің құқыктары мен кепілдіктерінің денгейін төмендететін талаптар болмауы тиіс. Ұжымдық шарт Қазақстан Республикасының енбек заннамасымен, бас, салалық, өнірлік келісімдермен салыстырғанда қызметкерлердің жағдайын нашарлатпауы керек. Мұндай талаптар жарамсыз деп танылады және колданылуға жатпайды.

1.13. Ұжымдық шартты іске асыру үшін Кәсіпорында ішкі нормативтік актілер қабылдануы мүмкін, олар Қазақстан Республикасының енбек заннамасымен және осы Ұжымдық шартпен салыстырғанда қызметкерлердің жағдайын нашарлатпауға тиіс.

1.14. Ұжымдық шарт қызметкерлердің әлеуметтік, экономикалық, кәсіби және занды мүдделерін қорғауга, Кәсіпорының тиімді жұмысын қамтамасыз етуге, Тараптардың өзара жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

## **2. ҚЫЗМЕТКЕР МЕН ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

### **2.1. Қызметкерлердің негізгі құқыктары мен міндеттері:**

#### **2.1.1. Қызметкердің құқығы бар:**

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген тәртіппен және шарттарда енбек шартын жасасуға, өзгертуге, толықтыруға және тоқтатуға;
- жұмыс берушіден енбек, ұжымдық шарттардың, келісімдердің, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындауды талап етуге;
- енбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға;
- енбек жағдайы мен еңбекті қорғау жағдайы туралы толық әрі шынайы акпарат алуға;
- енбек және ұжымдық шарттардың талаптарына сәйкес енбекақыны уактылы және толық көлемде алуға;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес бос тұрып қалу уақытындағы енбекақыны төлеуге;
- демалысқа, оның ішінде ақылы жыл сайынғы енбек демалысына;
- бірлесуге, оның ішінде өздерінің енбек құқыктары мен мүдделерін білдіру және қорғау үшін қасіподак құруға, сондай-ақ оған мүше болуға, егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеши көзделмесе;
- өз өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздерге қатысуға және ұжымдық шарттың жобасын әзірлеуге, сондай-ақ қол койылған ұжымдық шартпен танысуға;
- қызметтік (енбек) міндеттерін орындауға байланысты денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыруға;
- міндетті әлеуметтік сақтандыруға.
- енбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандырылуға;
- кепілдіктер мен өтемақы төлемдеріне;
- өз құқыктары мен занды мүдделерін заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;
- бірдей енбек үшін бірдей ақы алуға, сондай-ақ қандай да бір кемсітусіз бірдей өндірістік-тұрмыстық жағдайларға;
- жеке енбек дауын қарau үшін кезекпен келісу комиссиясына және сотқа Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен жүргінуге;
- енбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сай жабдықталған жұмыс орнымен қамтамасыз етілуге;
- Қазақстан Республикасының заннамасына, сондай-ақ енбек және ұжымдық шарттарға сәйкес жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнайы киіммен қамтамасыз етілуге;
- денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде, бұл туралы тікелей басшысына немесе жұмыс беруші өкіліне хабарлай отырып, жұмысты орындаудан бас тартуға;

- уәкілдеп мемлекеттік еңбек органына және (немесе) жергілікті еңбек инспекциясы органына жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті корғау жағдайын тексеруді жүргізу туралы, сондай-ақ еңбек жағдайын, қауіпсіздігін және оны қорғауды жақсартуға көзісты мәселелерді карауға өкіл ретінде көзісу туралы жүгінуге;
- еңбек және онымен тікелей байланысты қатынастар саласында жұмыс берушінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдануға;
- еңбекке ақы төленуге – біліктілігіне, еңбектің курделілігіне, орындалған жұмыстың саны мен сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайына сәйкес;
- жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуге, оның ішінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде және өзге де зандарында белгіленген тәртіппен ереуілге шығу құқығын қоса алғанда;
- жұмыс берушіде сакталатын дербес деректердің қоргалуын қамтамасыз етуге;
- біртұтас еңбек шарттарын есепке алу жүйесінен еңбек шарты және өзінің еңбек қызметі туралы мәліметтер алуға.

### **2.1.2. Қызметкер міндетті:**

- келісімдерге, еңбек және ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес еңбек міндеттерін орындауға;
- еңбек тәртібін сақтауға;
- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті корғау, өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндірістік санитария талаптарын жұмыс орнында орындауға;
- жұмыс берушінің және қызметкерлердің мүлкіне ұқышты қарауға;
- адамдардың өмірі мен денсаулығына, жұмыс беруші мен қызметкерлер мүлкінің сакталуына қауіп төндіретін жағдайдың туындауы, сондай-ақ бос тұрып қалу жағдайы туралы жұмыс берушіге хабарлауға;
- еңбек міндеттерін орындауына байланысты белгілі болған мемлекеттік қупияларды, қызметтік, коммерциялық немесе өзге де занмен қоргалатын қупияны жария етпеуге;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі мен өзге де зандарында белгіленген шектерде жұмыс берушіге келтірілген залалды өтеуге.

2.1.3. Қызметкер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқыктарға ие және өзге де міндеттерді орындауды.

### **2.2. Жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері:**

#### **2.2.1. Жұмыс берушінің құқығы бар:**

- жұмыска қабылдау кезінде таңдау еркіндігіне;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен және негіздерде қызметкерлермен еңбек шарттарын өзгертуге, тольқытуруға, тоқтатуға және бұзуға;
- өз өкілдіктері шегінде жұмыс берушінің актілерін шығаруға;
- өз құқықтары мен мүдделерін білдіру және корғау мақсатында бірлестіктерге (қауымдастықтарға, одактарға) құруға және кіруге;
- қызметкерлерден еңбек, ұжымдық шарттардың, ішкі еңбек тәртібі ережелерінің және жұмыс берушінің өзге де актілерінің талаптарын орындауды талап етуге;
- қызметкерлерді қөтермелеге, тәртіптік жазалар қолдануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген жағдайлар мен тәртіpte қызметкерлерді материалдық жауапкершілікке тартуға;
- еңбек міндеттерін орындау барысында қызметкер келтірген залалды өтеуге;
- еңбек саласында өз құқықтары мен занды мүдделерін корғау үшін сотқа жүгінуге;
- қызметкерге сынақ мерзімін белгілеуге.
- қызметкерлерді Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес кәсіби даярлауды, кайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге;

- қызметкер жұмыстан шыққан немесе Кәсіпорында кемінде алты ай жұмыс істемеген жағдайда, оның шығынды өтеуге жазбаша келісімі болған кезде, қызметкерді қызытуға байланысты өз шығындарын өтеуге;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен жеке еңбек дауын реттеу үшін татуласу комиссиясына, одан кейін сотқа жүгінуге;
- еңбек шарттарын есепке алудың бірынғай жүйесінен үміткерлердің (олардың алдын ала келісімімен) және қызметкерлердің еңбек қызметі туралы мәліметтер алуға.

### **2.2.2. Жұмыс беруші міндетті:**

- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының, келісімдердің, ұжымдық және еңбек шарттарының, өзі шығарған актілердің талаптарын сактауға;
- жұмыска қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен және шарттарда қызметкерлермен еңбек шарттарын жасасуға;
- жұмыска қабылдау кезінде еңбек шартын жасасуға қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес талап етуге;
- еңбек шартында көзделген жұмысты қызметкерге беруге;
- қызметкерге еңбекақыны және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, еңбек және ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде көзделген өзге де төлемдерді уақытын және толық қолемде төлеуге;
- қызметкерді ұжымдық шартпен, ішкі еңбек тәртібі ережелерімен, татуласу комиссиясының жұмысы туралы келісіммен (бар болған жағдайда), жұмыспен (еңбек функциясымен) тікелей байланысты жұмыс берушінің өзге де актілерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген жағдайларда жұмыс берушінің басқа актілерімен жеке өзі немесе курьерлік пошта, пошта байланысы, факсимильдік байланыс, электрондық пошта және өзге де ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы таныстыруға.
- қызметкерлер өкілдерінің ұсыныстарын қарауға және ұжымдық келіссөздерді жүргізу, Ұжымдық шартты жасасу, сондай-ақ олардың орындалуын бакылау үшін қажетті толық әрі шынайы ақпаратты қызметкерлер өкілдеріне ұсынуға;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен ұжымдық келіссөздер жүргізуге, Ұжымдық шарт жасасуға;
- қызметкерлерге еңбек заңнамасына, еңбек және ұжымдық шарттарға сәйкес еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге;
- қызметкерлерді еңбек міндеттерін орындау үшін қажетті жабдықтармен, қуралдармен, техникалық құжаттамамен және басқа да қуралдармен өз қаражаты есебінен қамтамасыз етуге;
- Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі үекілетті органға ақпарат беруге;
- мемлекеттік еңбек инспекторларының нұскамаларын орындауға;
- жұмысты жалғастыру қызметкердің және басқа да адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірген жағдайда оны токтатуға;
- қызметкерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыруды жүзеге асыруға;
- қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыруға;
- қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беруге.
- қызметкерлердің еңбек қызметін растайтын құжаттардың және олардың зейнетакымен қамсыздандыруға және міндетті әлеуметтік сақтандыруға аударылған қаражат туралы мәліметтердің сакталуын қамтамасыз етіп, оларды мемлекеттік мұрағатқа тапсыруға;

- қызметкерді зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары және кәсіби аурулардың туында мүмкіндігі туралы алдын ала хабардар етуге;
- жұмыс орындарындағы және технологиялық процестердегі кәсіби тәуекелдердің алдын алу шараларын қабылдауға, өндірістік және ғылыми-техникалық прогрессі ескере отырып профилактикалық жұмыстар жүргізуға;
- әрбір қызметкердің жұмыс уақытын, оның ішінде зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында, ауыр жұмыстарда істелген үстеме жұмыстарды есепке алуға;
- қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кезде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және өзге де заңдарына сәйкес етеуге;
- Қазақстан Республикасының заннамасының сакталуын және еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқигаларды, кәсіби ауруларды тергеуді қамтамасыз ету мақсатында үйымдардағы қауіпсіздік, еңбек жағдайы мен еңбекті корғау жай-күйін тексеру үшін үәкілдегі мемлекеттік еңбек органдың және жергілікті еңбек инспекциясы органдың лауазымды тұлғаларын, қызметкерлер өкілдерін, еңбекті корғау жөніндегі техникалық инспекторларды кедергісіз жіберуге.
- қызметкердің жеке деректерін Қазақстан Республикасының жеке деректер және оларды корғау туралы заннамасына сәйкес жинауды, өңдеуді және корғауды жүзеге асыруға;
- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті корғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыруға;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен татуласу комиссиясын құруға;
- Қазақстан Республикасының денсаулық сактау саласындағы заннамасында белгіленген тәртіппен және көлемде жұмыс орнын (лауазымын) және орташа еңбекакысын сактай отырып, қызметкерге скринингтік тексеруден өту үшін демалыс беруге;
- қызметкермен еңбек шартының жасалуы мен тоқтатылуы, оған енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 28-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 13) тармақшаларында көзделген мәліметтерді еңбек шарттарын есепке алудың бірынғай жүйесіне үәкілдегі мемлекеттік еңбек органдың айқындаған тәртібімен енгізуғе;
- қызметкерлерге тен еңбек үшін тен ақы және қандай да бір кемсітусіз бірдей өндірістік-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз етуге.

2.2.3. Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасында көзделген өзге де құқықтарға ие және өзге де міндеттерді орындаиды.

### **3. ЕҢБЕКТІ НОРМАЛАУ, ЕҢБЕК АҚЫ ТӨЛЕУ ЖҮЙЕСІ, ТАРИФТІК СТАВКАЛАР МЕН ЛАУАЗЫМДЫҚ ОКЛАДТАРДЫҢ, ҮСТЕМЕ АҚЫЛАР МЕН ҚОСЫМША ТӨЛӘМДЕРДІҢ МӨЛШЕРІ, СОНЫҢ ШИНДЕ АУЫР ЖҰМЫСТАРДА, ЗИЯНДЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҚАУІПТІ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫНДАГЫ ЖҰМЫСТАРДА ЖҰМЫС ИСТЕЙТИН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ**

3.1. Еңбек нормаларын әзірлеу, енгізу, ауыстыру және қайта қарау уәкілдегі мемлекеттік еңбек органды белгілеген тәртіпке сәйкес жұмыс беруші тарапынан жүзеге асырылады.

3.2. Қызметкерлерге койылатын біліктілік талаптары мен жекелеген жұмыс түрлерінін күрделілігі кәсіби стандарттар негізінде, ал олар болмаған жағдайда Бірынғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына, Жетекшілер, мамандар және өзге де қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, жұмысшы мамандықтарының тарифтік-біліктілік сипаттамаларына және үйымдардағы жетекшілер, мамандар мен өзге де қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес белгіленеді.

3.3. Жұмыс беруші қызметкерлердің еңбекақысын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен бекітілген «Азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің еңбегіне акы төлеу жүйесі туралы» талаптарға сәйкес, лауазымына, еңбек өтіліне, біліміне және мамандығына қарай төлеуге міндеттенеді.

3.4. Жеке еңбек шарттарымен және ұжымдық шартпен (бұдан әрі – ЖЕШ және ҰШ тиісінше), келісімдермен, Жұмыс берушінің актілерімен айқындалған еңбекақы шарттары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген шарттармен салыстырғанда нашарлатылмауга тиіс.

3.5. Кәсіпорын қызметкерлеріне ай сайын еңбекақысының құрамдас бөліктері, тиесілі сомасы, жасалған ұсталымдардың мөлшері мен негіздері, міндетті зейнетакы аударымдары, кәсіподақтық және өзге де жарналар туралы мәліметтер, сондай-ақ қызметкерге төленуге тиіс жалпы ақшалай сома көрсетілген жеке есепшоттар (есеп айырысу парактари) еңбекақы төлеу мерзімінен кешіктірілмей беріледі.

3.6. Қызметкерлерге еңбекақы ай сайын ұлттық валюта – тенгемен, есептік айдан кейінгі айдың 10-ына дейін төленеді. Егер еңбекақы төлеу күні демалыс немесе мереке кундеріне сәйкес келсе, төлем алдын ала жүргізіледі.

3.7. Қызметкердің жазбаша өтініші бойынша жұмыс беруші ағымдағы айдың еңбекақысына аванс төлеуді айдың 10-ынан ерте емес мерзімде жүзеге асырады. Бұл ретте еңбекақы бойынша аванс мөлшері қызметкерге тиесілі еңбекақының 50%-ынан аспауга тиіс.

3.8. Мемлекеттік және қоғамдық міндеттерді орындауға жіберілген қызметкердің орташа еңбекақысы қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен сақталады.

3.9. Қызметкер өндірістен қол үзіп, біліктілігін арттыруға жіберілген жағдайда, оның жұмыс орны (лауазымы) мен орташа еңбекақысы сақталады, оқыту жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

3.10. Іссапар кезінде қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) және іссапар кундеріне сәйкес келетін жұмыс күндері үшін еңбекақысы сақталады. Іссапарға жіберілген қызметкерлерге мынадай шығындар өтеледі:

- іссапар кезінде жүрген күнтізбелік кундерге, соның ішінде жолда болған уақытқа тәуліктік шығындар;
- бару және қайту жолақысы;
- турғын үй жалдау шығындары.

3.11. Жеке еңбек шарты токтатылған кезде қызметкерге тиесілі сомаларды төлеу шарт токтатылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

3.12. Тарифтік ставкалар мен лауазымдық айлықақылар, үстемеақылар мен қосымша төлемдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен бекітілген «Азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің еңбегіне акы төлеу жүйесі туралы» талаптарға сәйкес белгіленеді.

3.13. Ауыр жұмыстарда, зиянды және қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстарда жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбекақысы қалыпты еңбек жағдайларындағы қызметкерлердің еңбекақысымен салыстырғанда жоғары мөлшерде белгіленеді. Бұл – лауазымдық айлықақыны немесе үстемеақыны көтеру арқылы жүзеге асырылады, олардың мөлшері ай сайын жұмыс берушінің актісімен салалық келісімде айқындалатын еңбек жағдайларының зияндылығы мен қауіптілік дәрежесін жіктейтін салалық коэффициенттерді ескере отырып белгіленеді.

3.14. Жұмыс беруші кәсіпорында кемінде алты ай жұмыс істеген қызметкерлерге бюджеттік емес қаржат есебінен мынадай жағдайларда материалдық көмек көрсетеді:

- 1) отбасы мүшелері, жақын туыстары (ата-аналары, жұбайы, балалары, асырап алушылары, асырап алған балалары, тұған және туысқан ағалары мен апалары, аталары, әжелері мен немерелері) кайтыс болған жағдайда – тиісті жылға арналған «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Занында белгіленген 35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (бұдан ері – АЕК);
- 2) некеге тұруы және баланың тууы, балаларды асырап алу және камкорлығына алу жағдайында – қызметкердің жазбаша өтініші және растайтын құжаттардың көшімелері негізінде 20 АЕК мөлшерінде;
- 3) кәсіпорында кемінде үш жыл жұмыс істеген қызметкерлер үшін 60 жасқа толу мерейтойы жағдайында – 20 АЕК мөлшерінде.

3.15. Жұмыс беруші кәсіпорында кемінде бес жыл жұмыс істеген қызметкерлерге зейнеткерлік жасқа толуына байланысты жұмыстан босатылған кезде бір лауазымдық айлықақы мөлшерінде өтемекі төлейді.

3.16. Жұмыс беруші салалық және аумактық кәсіподактардың жиналыстары, конференциялары және өзге де іс-шаралары кезінде кәсіподак органдарының сайланбалы және басқа да мүшелерінің іссапар шығындарын (тұру, тамақтану, жол журу билеті) өтейді.

3.17. Мереке және демалыс құндеріндегі жұмыс IEШ немесе ұжымдық шарт талаптарына сәйкес, бірақ қызметкердің қундік (сағаттық) ставкасының кемінде бір жарым есelenген мөлшерінен төмен емес мөлшерде, жұмыс берушінің актісінде өзгеше белгіленбесе, төленеді.

3.18. Тұнгі уақыттағы әрбір жұмыс сағаты IEШ немесе ұжымдық шарт талаптарына сәйкес, бірақ қызметкердің қундік (сағаттық) ставкасының кемінде бір жарым есelenген мөлшерінен төмен емес мөлшерде, жұмыс берушінің актісінде өзгеше белгіленбесе, төленеді.

3.19. Тұнгі жұмыс уақыты мереке немесе демалыс құнімен сәйкес келген жағдайда енбек ақысы КР Енбек кодексіне сәйкес тұнгі сағаттар үшін бөлек және мереке немесе демалыс құндеріндегі сағаттар үшін бөлек төленеді.

3.20. Токтап тұруды (простой) ресімдеу тәртібі мен токтап тұрган уақытты төлеу шарттары енбек және ұжымдық шарттарымен айқындалады. Егер токтап тұруды ресімдеу тәртібі енбек немесе ұжымдық шарттарында көзделмесе, токтап тұрудын басталуы токтап тұрудың себебін көрсете отырып, жұмыс берушінің актісімен ресімделеді. Жұмыс берушіге де, қызметкерге де байланысты емес себептер бойынша токтап тұру ақысы ең төменгі жалақы мөлшерінен кем емес деңгейде, жұмыс берушінің кінасінен болған жағдайда қызметкердің орташа жалақысының елу пайзынан кем емес мөлшерде белгіленеді. Қызметкердің кінасінен болған токтап тұру уақытына ақы төленбейді.

3.21. Токтап тұру аяқталғаннан кейін жұмыс беруші қызметкерді жұмыска шығу күні туралы алдын ала хабардар етеді, қызметкер енбек міндеттерін орындауға кірісуге міндетті. Хабарламада көрсетілген мерзімде қызметкер жұмыс орнында болмаған жағдайда, жұмыс беруші қызметкерді тәртіптік жауапкершілікке тартуға құқылы.

3.22. Енбек міндеттерін тиісті деңгейде орындағаны, қосымша жұмыс көлемін орындағаны, аса маңызды тапсырмаларды және аса шұғыл жұмыстарды сапалы ері жедел орындағаны үшін Қасіпорын қызметкерлеріне ынталандыру төлемдері көзделеді. Ынталандыру төлемдерінің нақты мөлшері жұмыс берушінің актілерімен белгіленеді.

3.23. Спортшылардың халықаралық жарыстарға (Олимпиада ойындары, әлем чемпионаттары, Азия чемпионаттары) катысуындағы жоғары көрсеткіштері үшін жаттықтырушылар құрамына мынадай ынталандыру түрлері көзделеді:

- 1) алғыс жариялау;

- 2) сыйақы беру;
- 3) бағалы сыйлықпен марапаттау;
- 4) Құрмет грамоталарымен марапаттау;
- 5) өзге де ынталандырулар.

3.24. Жеке енбек шартында (ЖЕШ) көзделген негізгі жұмысымен катар, Кәсіпорында басқа немесе сол лауазым бойынша қосымша жұмысты не уақытша жоқ қызметкердің міндеттерін өз негізгі жұмысынан босатылмай орындайтын қызметкерлерге, еңбекақыға қосымша акы төленеді. Оның мөшері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен бекітілген «Азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет каражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің енбегіне акы төлеу жүйесі туралы» қаулысына сәйкес айқындалады, бірақ қызметкердің өзінің лауазымдық айлықақысының 50%-ынан аспайды.

#### **4. ДӘРЕЖЕЛЕР АРАСЫНДАҒЫ КОЭФФИЦІЕНТТЕРДІ БЕКІТУ**

4.1. Дәрежелер арасындағы коэффициенттер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен бекітілген «Азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет каражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің енбегіне акы төлеу жүйесі туралы» талаптарына сәйкес белгіленеді.

4.2. Орындаған жұмыстарды белгілі бір күрделілікке жатқызу және жұмысшыларға біліктілік разрядтарын беру Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы мен жұмысшы мамандықтарының тарифтік-біліктілік сипаттамаларына сәйкес жүргізіледі.

4.3. Азаматтық қызметшілер құрамына білікті жұмысшылар кіреді.

4.4. Жұмыс беруші қызметкерлерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес біліктілік разрядтарын беру немесе жоғарылатуды қамтамасыз етеді.

#### **5. ЖҰМЫС УАҚЫТЫ МЕН ДЕМАЛЫС УАҚЫТЫНЫҢ, ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫНЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ**

5.1. Кәсіпорын қызметкерлерінің қалыпты жұмыс уақыты аптасына 40 сағаттан аспауга тиіс.

5.2. Күнделікті жұмыс ұзактығы 8 сағаттан аспауга тиіс, ҚР Еңбек кодексі мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда.

5.3. Кәсіпорында екі демалыс күнімен (сенбі және жексенбі) бес күндік жұмыс аптасы және жеке енбек шарттары мен жұмыс берушінің актілеріне сәйкес ауысымды жұмыс белгіленеді.

5.4. Әкімшілік персонал үшін бес күндік жұмыс аптасы, 8 сағаттық жұмыс күні белгіленеді, демалыс күндері – сенбі және жексенбі.

5.5. Әкімшілік қызметкерлері (құқықтық және кадрмен қамтамасыз ету белімі, бухгалтерлік есеп, бюджеттік жоспарлау және экономикалық талдау белімдері, оку-спорт белімі, қауіпсіздік және ЕҚ, АҚ және ТЖ белімі) және құрылымдық белімшелердің басшылары жеке енбек шарттарының талаптарына сәйкес өздерінің еңбек міндеттерін орындайтын жұмыс уақыты 09:00-ден 18:30-ға дейін. Демалыс пен тамақтануға арналған үзіліс 13:00-тен 14:30-ға дейін.

5.6. Қалған қызметкерлер үшін жұмыс уақыты 09:00-ден 18:00-ге дейін белгіленеді. Демалыс пен тамақтануға арналған үзіліс 13:00-тен 14:00-ге дейін.

5.7. Ұлттық жастар құрамалары мен штаттық командалар спортшыларымен тікелей жұмыс істейтін негізгі құрам қызметкерлеріне, атап айтқанда: аға жаттықтырушыларға, жас ерекшеліктері бойынша аға жаттықтырушыларға, сервис-жаттықтырушыларға, хореографтарға, психологтарға аралас қашықтан жұмыс режимі белгіленеді. Арасынан

қашықтан жұмыс уақыты кезінде жұмыс уақытын бақылауды жүзеге асыру үшін жұмыс беруші қызметкерден ай сайынғы есептерді сұратуға құқылы.

5.8. Ауысымды жұмыс кезінде жұмыс режимдері мен ауысым кестелері КСО ОДО еңбек тәртібі қағидаларына сәйкес Жұмыс берушімен әзірленіп, бекітіледі. Жұмыс сағаттарының жеткіліксіздігі (жұмыс уақытының жалпы көлемінің 20%-ынан аспайтын) жағдайында қызметкерге енбекақы толық көлемде төленеді.

5.9. Қызметкерді қатарынан екі жұмыс ауысымында жұмыска тартуға тыйым салынады.

5.10. Артық жұмыс ерекше жағдайларда қызметкердің жазбаша келісімімен ғана жүргізіледі және әрбір қызметкер үшін тәулігіне екі сағаттан, ал ауыр, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстар үшін – бір сағаттан аспауға тиіс. Артық жұмыс уақытының жалпы ұзақтығы айнала он екі сағаттан және жылна жүз жиырма сағаттан аспауға тиіс.

5.11. Артық жұмыска жүкті екендігі туралы жұмыс берушіге анықтама берген жүкті әйелдерді, он сегіз жасқа толмаган қызметкерлерді және мүгедектігі бар адамдарды тартуға жол берілмейді.

5.12. Жұмыс беруші қызметкерлердің нақты атқарған жұмыс уақытын есепке алуды ұйымдастырады.

5.13. Есепке қызметкердің атқарған және атқармagan уақыты жатады. Бұл ретте артық жұмыс уақыты, тұнгі уақыттағы жұмыс, демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс, іссапар күндері болек есепке алынады.

5.14. Жылдың сүйкі немесе ыстық мезгілінде ашық ауда, жылдыту жүйесі жоқ жабық үй-жайларда, сондай-ак тиеву-түсіру жұмыстарымен айналысадын қызметкерлерге жылдыту немесе салқыннату және демалыс үшін арнайы үзілістер беріледі, олар жұмыс уақытына қосылады. Жұмыс беруші қызметкерлерді жылдытуға, салқыннатуға және демалуга арналған үй-жайлармен қамтамасыз етуге міндетті.

5.15. Бір жарым жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, сондай-ак аданын қатысуынсыз бір жарым жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған экелерге (асырап алушыларға) балаға (балаларға) тамак беру үшін әр үш сағат жұмыс сайын мынадай ұзақтықтағы қосымша үзілістер беріледі:

- 1) бір баласы барларға – әр үзіліс кемінде отыз минут;
- 2) екі немесе одан да көп баласы барларға – әр үзіліс кемінде бір сағат.

5.16. Осы Шарттың 5.15-тармағында көрсетілген қызметкердің өтініші бойынша балаға (балаларға) тамак беру үзілістері демалыс пен тамақтануға арналған үзіліспен қосылады немесе жиынтықталған үзілістер жұмыс күнінің (ауысымының) басында немесе соңында беріледі.

5.17. Балаға (балаларға) тамак беру үзілістері жұмыс уақытына қосылады. Үзіліс уақытында әйелдердің, экелердің, асырап алушылардың орташа енбекақысы сакталады.

5.18. Кәсіпорынның азаматтық қызметшілеріне лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға жәрдемакы төлене отырып, ұзақтығы отыз күнтізбелік күн болатын негізгі ақылы жыл сайынғы енбек демалысы беріледі. Сауықтыруға жәрдемакы азаматтық қызметшілерге ақылы жыл сайынғы енбек демалысы берілген кезде күнтізбелік жылда бір рет төленеді.

5.19. Азаматтық қызметші болып табылмайтын қызметкерлер үшін негізгі ақылы жыл сайынғы енбек демалысы жиырма төрт күнтізбелік күнді және ұзақтығы алты күнтізбелік күн болатын қосымша ақылы жыл сайынғы енбек демалысын құрайды.

5.20. Жұмыс беруші жүкті болуына және босануына байланысты демалысты, жана туған баланы (балаларды) асырап алған (қамқорлыққа алған) қызметкерлерге демалысты орташа енбекақысы сактала отырып төлейді, егер бұл жеке енбек шартының және (немесе)

ұжымдық шарттың талаптарында, жұмыс берушінің актісінде көзделген болса, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісін жоғалтуға әлеуметтік төлем сомасы шегерілгеннен кейін.

**5.21.** Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ак ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстарда жұмыс істейтін қызметкерлерге өндірістердің, цехтардың, кәсіптердің және лауазымдардың тізбесіне, ауыр жұмыстардың, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстардың тізбесіне сәйкес ұзақтығы кемінде алты күнтізбелік күн болатын қосымша ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы беріледі.

5.22. Қосымша ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы ауыр, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін еңбегі өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестациялау нәтижелерімен расталған қызметкерлерге беріледі. Жұмыс беруші өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестациялауды жүргізбеген жағдайда, сондай-ак аттестациялауға жатпайтын жұмыс орындары бойынша қосымша ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы өндірістердің, цехтардың, кәсіптердің және лауазымдардың тізбесіне, ауыр жұмыстардың, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстардың тізбесіне сәйкес толық көлемде беріледі.

5.23. Басқа санаттагы қызметкерлерге қосымша жыл сайынғы демалысты беру және оның ұзақтығы Қазақстан Республикасының зандарымен белгіленуі мүмкін.

5.24. Жыл сайынғы еңбек демалысының ұзақтығы жұмыс режимдері мен ауысым кестелеріне қарамастан еңбек демалысына сәйкес келетін мереке күндерін есепке алмай күнтізбелік күндермен есептеледі.

5.25. Ақылы жыл сайынғы еңбек демалысының жалпы ұзақтығын есептеу кезінде қосымша ақылы жыл сайынғы еңбек демалыстары негізгі ақылы жыл сайынғы еңбек демалысымен қосылады.

5.26. Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын беру кезектілігі еңбек қызметінің басталғанынан алты ай өткен соң жұмыскерлердің пікірін ескере отырып, жұмыс беруші бекітетін демалыс кестелеріне сәйкес жыл сайын айқындалады. Жұмыскерге жыл сайынғы еңбек демалысын беру Кәсіпорынның үздіксіз жұмысына кері әсерін тигізуі мүмкін жағдайларда, ол жұмыскердің жазбаша келісімімен басқа кезенге ауыстырылуы мүмкін.

Қатарынан екі жыл ішінде пайдаланылмаған ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысын немесе оның бір бөлігін бермеуге тыбым салынады.

5.27. Ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы өндірістік қажеттілікке байланысты тек жұмыскердің жазбаша келісімімен ғана жұмыс беруші тарапынан үзілуі мүмкін.

5.28. Шақыртып алуға байланысты пайдаланылмаған ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысының бөлігі еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша ағымдағы жұмыс жылы немесе келесі жұмыс жылы ішінде кез келген уақытта беріледі не келесі жұмыс жылының ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысына қосылады.

5.29. Жұмыскер ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысынан шақыртып алынған жағдайда пайдаланылмаған демалыс бөлігін басқа уақытта беру орнына жұмыскер мен жұмыс берушінің келісімі бойынша пайдаланылмаған ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы күндері үшін өтемакы төлемі жүргізіледі.

5.30. Он сегіз жасқа толмаган жұмыскерлерді, жүктілігі туралы жұмыс берушіге анықтама тапсырған жүкті әйелдерді, сондай-ак ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстарда істейтін жұмыскерлерді ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысынан шақыртып алуға жол берілмейді.

5.31. Жыл сайынғы еңбек демалысына акы төлеу оны бастауға кемінде үш жұмыс күні қалғанда, ал демалыс кестесінен тыс еңбек демалысы берілген жағдайда – оны берген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірлмей жүргізіледі.

5.32. Жұмыскердің уақытша еңбекке жарамсыздығы және жүкті болуына байланысты демалыс кезінде акы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы толық немесе ішінәра ауыстырылады. Мұндай жағдайда акы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы (оның бір бөлігі) жұмыскердің өтініші бойынша акы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы кезеңінде ауыстырылады. Ауыстырылған еңбек демалысы тараптардың келісімі бойынша келесі жұмыс жылының еңбек демалысына қосылуы немесе жұмыскердің өтініші бойынша ағымдағы жұмыс жылы бөлек берілуі мүмкін.

5.33. Еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша және жұмыскердің өтініші негізінде оған еңбекакы сақталмайтын демалыс берілуі мүмкін. Еңбекакы сақталмайтын демалыстың ұзақтығы жұмыскер мен жұмыс берушінің келісімі бойынша айқындалады.

5.34. Жұмыскердің хабарламасы негізінде жұмыс беруші неке қиу, неке бұзу, бала туу, жақын туыстарының қайтыс болуы және еңбек немесе ұжымдық шарттарда көзделген өзге жағдайларда бес күнге дейін еңбекакы сақталмайтын демалыс беруге міндетті.

5.35. Жұмыскер медициналық тексеруден өткенде және кан мен (немесе) оның компоненттерін тапсырганда жұмыс күндері орташа жалакысы сақтала отырып жұмыстан босатылады. Донорга орташа жалакысы сақтала отырып қосымша бір демалыс күні беріледі, ол жыл сайынғы еңбек демалысына қосылуы мүмкін. Мұндай кепілдіктер донация жасалған күннен бастап бір жыл ішінде қолданылады. Егер донор канды демалыс (жұмыс іstemейтін) күні тапсырса, оған тек бір ғана демалыс күні беріледі.

5.36. Мерекелік күндер Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңына сәйкес ұлттық және мемлекеттік мерекелер болып табылады:

Қазақстан Республикасының ұлттық мерекесі – 25 қазанда атап өтілетін Республика күні.  
Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері:

- Жаңа жыл – 1-2 қантар;
- Халықаралық әйелдер күні – 8 наурыз;
- Наурыз мейрамы – 21-23 наурыз;
- Қазақстан халқының бірлігі мерекесі – 1 мамыр;
- Отан қорғаушы күні – 7 мамыр;
- Женіс күні – 9 мамыр;
- Астана күні – 6 шілде;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы күні – 30 тамыз;
- Тәуелсіздік күні – 16 желтоқсан.

Казақстан Республикасындағы мерекелік күндер жұмыс іstemейтін күндер болып табылады.

Демалыс және мереке күндері сәйкес келген жағдайда, мерекеден кейінгі бірінші жұмыс күні демалыс күні болып есептеледі.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңына өзгерістер енгізілген жағдайда, Қасіпорында жұмыс уақытын есепке алу енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жүргізіледі.

Мұсылман күнтізбесі бойынша атап өтілетін Құрбан айттың бірінші күні және 7 қантар – православ Рождество жұмыс режимдері мен ауысым кестелеріне (вахтальқ кестелерге) қарамастан демалыс күндері болып табылады. Іссапарда жүрген қызметкер барған жұмыс берушінің еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес демалыс күндерін пайдаланады.

## **6. ДЕНІ САУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ТҮРМЫС ЖАҒДАЙЛАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚӨЛЕМІ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ЖАҚСАРТУ**

6.1. Осы Шартка катысушы Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес дені сау және қауіпсіз еңбек пен тұрмыс жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

6.2. Кәсіподак қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау, өндірістік жаракаттанудың және кәсіптік аурулардың алдын алу мақсатында қызметкерлердің жеке корғаныс құралдарын пайдалануына қоғамдық бақылауды күшайтуге және Кәсіпорын Кәсіподарының отырыстарында еңбек қорғау мәселелерін тускен сайын қарауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

6.3. Жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды қамтамасыз етеді, оған еңбек қорғау жүйесін құру және енгізу, еңбек жағдайының жайкүйін бақылау, өндірістік бақылау деректерін жедел талдау, кәсіптік тәуекелдерді бағалау және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкесіздіктерді жою шараларын қабылдау кіреді.

6.4. Ишкі бақылау жұмыс беруші тарапынан жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және анықталған бұзушылықтарды жедел жою шараларын қабылдау мақсатында жүзеге асырылады.

6.5. Кәсіпорында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарының сақталуына ішкі бақылауды жүзеге асыру үшін жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімін құрады, ол тікелей үйымның бірінші басшысына немесе оның үәкілетті тұлғасына бағынады.

6.6. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімі құқылы:

- 1) өндірістік, тұрмыстық және өзге де үй-жайларға кедегісіз баруға және оларды тексеруге;
- 2) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінде қауіпсіз және дені сау еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, өндірістік жаракаттанудың және кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша профилактикалық іс-шараларды әзірлеу мен орындауға бақылау жүргізуге;
- 3) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне анықталған еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарының бұзушылықтарын жою шараларын қабылдау туралы міндетті нұсқаулар беруге.

6.7. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімі міндетті:

- 1) ай сайын Кәсіпорындағы өндірістік жаракаттану мен кәсіптік аурулардың жағдайын және себептерін талдауды жүргізуге, олардың алдын алу бойынша іс-шараларды әзірлеуге және оларды үйымның электрондық деректер базасына тұрақты сақтауға енгізуге;
- 2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша қызметкерлердің, басшылардың және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғалардың оқытуын, нұсқама беруін және білімін тексеруді үйимдастыруға;
- 3) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқигаларды тергеу тәртібінің сақталуын қамтамасыз етуге.

6.8. Тараптар еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша қағидаларды, рәсімдерді және нормаларды тиісінше орындауға міндеттенеді.

6.9. Қазақстан Республикасының аумағында қызметтің жүзеге асырған кезде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарын жұмыс берушілер мен қызметкерлер міндетті түрде сақтауы тиіс.

6.10. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау шараларын қаржыландыру жұмыс берушінің есебінен Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеті және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылады. Қызметкерлер бұл мақсаттарға шығындар көтермейді.

6.11. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау шараларына бөлінетін қаражат көлемі жұмыс берушінің актілерімен, Қәсіпорының бекітілген бюджетімен немесе Қәсіпорының даму жоспарымен айқындалады.

#### 6.12. Қызметкердің құқығы бар:

- 1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына;
- 2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына, сондай-ақ Інкі тәртіп ережелеріне (ЖЕШ) және осы Шартқа сәйкес санитарлық-тұрмыстық үй-жайлармен, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуге;
- 3) өзінің жұмыс орнындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды тексеру үшін жергілікті еңбек инспекциясы органына жүргінуге;
- 4) еңбек жағдайларын, қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды жақсарту мәселелерін тексеру мен қарауға жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға;
- 5) жұмыс беруші қызметкерді жеке және (немесе) ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етпеген жағдайда және оның денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін жағдай туындағанда, бұл туралы тікелей басшысына немесе жұмыс берушіге жазбаша хабарлай отырып жұмыстырылған орындаудан бас тартуға.
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен еңбек міндеттерін қауіпсіз орындау үшін қажетті білім мен кәсіби даярлық алуға;
- 7) жұмыс орнын және ұйым аумағын сипаттайтын мәліметтерді, еңбек жағдайының, қауіпсіздіктің және еңбекті қорғаудың жай-күйін, бар кәсіптік тәуекелді, сондай-ақ оны зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың өсерінен қорғау шаралары туралы жұмыс берушіден шынайы ақпарат алуға;
- 8) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келмеу салдарынан ұйым жұмысын тоқтатылған уақыт кезеңінде еңбекақысының сакталуына.

#### 6.13. Қызметкер міндетті:

- 1) Қәсіпорында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау нормаларының, қағидаларының және нұсқамаларының талаптарын сақтауға;
- 2) әрбір өндірістік жаракат пен қызметкерлердің денсаулығына өзге де закым келу жағдайлары, кәсіптік аурудың (уланудың) белгілері, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлар туралы жұмыс берушіге немесе жұмыстарды ұйымдастырушыға дереу хабарлауға;
- 3) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық тексеруден, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық қуәландырудан өтуге;
- 4) жұмыс берушінің актісінде көзделген жағдайларда және басқа жұмысқа ауысқан кезде жұмыс берушінің талабы бойынша профилактикалық медициналық тексеруден өтуге;
- 5) еңбек міндеттерін жалғастыруға кедергі келтіретін мүгедектік белгіленгені немесе денсаулық жағдайының нашарлауы туралы жұмыс берушіге хабарлауға;
- 6) жұмыс беруші ұсынған жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын катан түрде және мақсатына сай қолдануға;
- 7) мемлекеттік еңбек инспекторының, еңбек қауіпсіздігі жөніндегі техникалық инспектордың, ішкі бақылау мамандарының талаптарын, сондай-ақ медициналық мекемелер белгілеген емдеу-сауықтыру іс-шараларын орындауға;

8) жұмыс беруші айқындаған және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті корғау мәселелері бойынша оқудан, нұскамадан етуге және білімін тексеруге.

**6.14. Жұмыс берушінің құқығы бар:**

- 1) жұмыс орындарында қолайлы еңбек жағдайларын жасауға жәрдемдескені, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұтымды ұсыныстар енгізгені үшін қызметкерлерді көтермелеге;
- 2) осы Кодексте белгіленген тәртіппен еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті корғау талаптарын бұзатын қызметкерлерді жұмыстан шеттетуге және тәртіптік жауапкершілікке тартуга;
- 3) қызметкерден өндірісте жұмысты қауіпсіз жүргізу талаптарын қатаң сақтауды талап етуге;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе жұмыс берушінің актісінде көзделген жағдайларда қызметкерлерді өз қаражаты есебінен профилактикалық медициналық тексеруден өткізуге жіберуге.

**6.15. Жұмыс беруші міндетті:**

- 1) кәсіптік тәуекелдерді бағалауды жүргізуге және оларды алдын алу, өндірістік жабдықты және технологиялық процестерді қауіпсіздеуіне ауыстыру арқылы барынша азайту және жою шараларын қабылдауга;
- 2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті корғау мәселелері бойынша қызметкерлерді оқытуды, нұскама беруді, білімін тексеруді жүргізуге, сондай-ақ өндірістік процесті және жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттармен қамтамасыз етуге, бұл шығындарды өз қаражаты есебінен өткізу;
- 3) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті корғау мәселелері бойынша басшыларды және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды уәкілетті мемлекеттік еңбек органдының айқындаған тәртібімен, жұмыс берушінің актісімен бекітілген тізімге сәйкес, кемінде үш жылда бір рет кадрлардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдарда оқытуды және білімін тексеруді ұйымдастыруға;
- 4) қызметкерлерге қажетті санитариялық-гигиеналық жағдайларды жасауға, арнайы киімдер мен аяқ киімдерді беруді және жөндеуді қамтамасыз етуге, оларды алдын алу өндеу құралдарымен, жуғыш және дезинфекциялық заттармен, медициналық дәрі қобдишасымен, сүтпен немесе оған тең тамақ өнімдерімен және (немесе) диеталық (емдік және профилактикалық) тамактануға арналған мамандандырылған өнімдермен, жеке және ұжымдық корғаныс құралдарымен уәкілетті мемлекеттік еңбек органдының белгіленген нормаларына сәйкес қамтамасыз етуге;
- 5) он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің белгіленген шекті нормалардан асатын жүктерді көтеруіне және тасымалдауына жол бермеуге;
- 6) әйелдердің белгіленген шекті нормалардан асатын жүктерді колмен көтеруіне және тасымалдауына жол бермеуге;
- 7) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқигаларды және кәсіптік ауруларды тіркеуді, есепке алууды және талдауды жүзеге асыруға;
- 8) уәкілетті мемлекеттік еңбек органдына және жергілікті еңбек инспекциясы органдына, сондай-ақ қызметкерлер өкілдеріне олардың жазбаша сұратуы бойынша еңбек жағдайларының, қауіпсіздіктің және еңбекті корғаудың жай-күйін мониторингтеу үшін қажетті ақпаратты тоқсан сайын беруге;
- 9) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқигаларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тергеп-тексеруді қамтамасыз етуге;
- 10) мемлекеттік еңбек инспекторларының нұскамаларын және қорытындыларын орындауга;
- 11) уәкілетті мемлекеттік еңбек органдының бекітілген қагидаларына сәйкес қызметкерлер өкілдерінің қатысуымен кемінде бес жылда бір рет өндірістік объектілердің еңбек жағдайл

- арына аттестаттау жүргізуге;
- 12) өндірістік объектілердің енбек жағдайларына аттестаттау нәтижелері туралы мәліметтірді бір ай мерзімде жазбаша немесе енбек қауіпсіздігі мен енбекті корғау акпараттық жүйесі арқылы ұсынуға;
- 13) қызметкерді оның енбек (қызметтік) міндеттерін орындауды кезінде жазатайым оқиғала рдан сақтандыруға;
- 14) апаттық жағдайдың өршуін болдырмау және басқа адамдарға закымдаушы факторлардың әсерін жою үшін шұғыл шаралар қабылдауға;
- 15) енбек қауіпсіздігі мен енбекті корғау жөніндегі нұскамаларды әзірлеуді, бекітуді және қайта қарауды уәкілетті мемлекеттік енбек органының айқындаған тәртібімен жузеге асыруға;
- 16) өз қаражаты есебінен келісімде, ұжымдық шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ енбек жағдайлары өзгерген немесе кәсіптік ауру белгілері пайда болған жағдайда міндетті мерзімдік (енбек қызметі барысында) медициналық тексерулерді және ауысым алдындағы медициналық куәландыруды жүргізуғе;
- 17) жарақат алуына, кәсіптік ауруға немесе енбек міндеттерін орындаудына байланысты денсаулығына өзге де зиян келтірілуіне байланысты қызметкердің енбекке қабілеттілігі қалпына келгенге дейін немесе мүгедектік не кәсіптік енбекке қабілеттілігін жогалту белгіленгенге дейін оны жеңіл жұмыска уакытша ауыстыруға немесе жұмыстан босатуға және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына, сондай-ақ Енбек және Ұжымдық шарттардың талаптарын сәйкес зиянды өтеуді жузеге асыруға;
- 18) мерзімді әскери қызметтен откен қызметкерді әскерден келгеннен кейін бір ай ішінде ол әскерге шакырылғанға дейін жұмыс істеген сол кәсіпорында жұмысқа қабылдау кезінде артықшылық құқығын қамтамасыз етуге;
- 19) енбек корғауды басқару жүйесін енгізуге және оның жұмыс істеуіне бақылауды жузеге асыруға.

## **7. КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІ ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАУ**

7.1. Кәсіподак жұмыс берушіден тәуелсіз және өз мүшелерін жұмыс берушімен қатынастарда ұсынады, олардың енбек және әлеуметтік құқықтары мен мұдделерін қорғайды.

7.2. Кәсіпорынның Кәсіподагы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Енбек кодексіне, 2014 жылғы 27 маусымдағы «Кәсіптік одактар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қысқы спорт турлери бойынша олимпиадалық даурау орталығы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одагы» қоғамдық бірлестігінің Жарғысына (бұдан әрі – ҚСО ОДО қызметкерлерінің Кәсіподагы Жарғысы), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және тиісті саладағы мемлекеттік органдардың қолданыстағы салалық келісімдеріне сәйкес жузеге асырады.

7.3. Кәсіподак мүшелерінің құқықтары мен міндеттері 2014 жылғы 27 маусымдағы «Кәсіптік одактар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және ҚСО ОДО қызметкерлерінің Кәсіподагы Жарғысымен айқындалады.

7.4. Кәсіподак жеке енбек даулары мәселелері бойынша өкілеттіктер берілген жағдайда кәсіподак мүшелерінің және өзге де қызметкерлердің құқықтары мен мұдделерін қорғайды және білдіреді, жеке енбек дауларын қарау жөніндегі келісім комиссиясының, ұжымдық енбек дауларын қарау жөніндегі татуластыру комиссиясының және енбек төрелігінің құрамына кіреді.

7.5. Өз мүшелерінің енбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мұдделерін қорғау мақсатында Кәсіподак Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін барлық басқа тәсілдерді пайдалана алады.

7.6. Кәсіподакка мүше қызметкерлердің енбегі КР ЕК нормаларымен және 2014

жылғы 27 маусымдағы «Кәсіптік одактар туралы» Қазақстан Республикасының Занында көзделген ерекшеліктермен реттеледі.

7.7. Кәсіподакқа мүше емес қызметкерлер жазбаша етініш арқылы жұмыс берушімен қарым-қатынаста өз мүдделерін ұсыну үшін Кәсіподак органын уәкілеттендіре алады.

7.8. Кәсіпорынның Кәсіподагы Қазақстан Республикасының колданыстағы еңбек заннамасы шенберінде әлеуметтік әріптестікке қатысады.

7.9. Кәсіподак өз мүшелерінің, сондай-ақ шарттық негізде олардың мүдделерін ұсынуға уәкілеттік берген қызметкерлердің құқықтары мен занды мүдделерінің сакталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады. Жұмыс берушінің қоғамдық бақылауға кедергі келтіруіне жол берілмейді.

7.10. Кәсіподак еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді аттестаттауға тұрақты негізде қатысады.

7.11. Кәсіподактың уәкілетті өкілі өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия құрамына кіреді.

7.12. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында Кәсіподак кәсіпорындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кенестің құрамына тепе-тең негізде кіреді.

7.13. Кәсіподак ҚР ЕК-де айқындалған тәртіпті және шарттарды сактай отырып талаптар қоюға құқылы.

7.14. Кәсіподак ұжымдық еңбек дауын шешу үшін татуластыру рәсімдері арқылы нәтижеге қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ жұмыс берушінің татуластыру рәсімдерінен жалтаруы немесе дауды шешу барысында кол жеткізілген келісімді орындауы жағдайында ереуіл өткізу туралы шешім қабылдай алады. Бұл ретте сот зансыз деп таныған ереуілге қатысады жалғастыруға қызметкерлерді шакыруға тыйым салынады.

7.15. Кәсіподак Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес ереуілдерді, бейбіт жиналыстарды үйімдастырады және өткізеді.

7.16. Кәсіподак басқа кәсіподактармен және қызметкерлер топтарымен ынтымақ ретінде бірлескен наразылық акцияларын өткізу үшін күштерін біріктіре алады және осындай акцияларды өткізе алады.

7.17. Кәсіподак өз Жарғысында көзделген мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған іс-шараларды қаржыландыру үшін өзінің және тартылған қаражат есебінен әлеуметтік-экономикалық мақсаттарғы ақша қорларын қалыптастырады.

7.18. Жұмыс берушінің Кәсіподакты Кәсіпорынның кандай да бір құрылымдық бөлімшелеріне немесе лауазымды тұлғаларына тікелей немесе жанама түрде бағындыруды не олардың құқықтарын шектеуді, сондай-ақ 2014 жылғы 27 маусымдағы «Кәсіптік одактар туралы» Қазақстан Республикасының Занында және Кәсіподак Жарғысында көзделген қызметіне кедергі келтіруді мақсат ететін кез келген әрекеттеріне тыйым салынады.

7.19. Жұмыс беруші Кәсіподак мүшелерінің құқықтарын коргауга байланысты мәселелер бойынша, Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес қорғалатын ақпараттан басқа, кәсіподак органдына ақпарат беруге міндетті.

7.20. Жұмыс беруші ай сайын Кәсіподакқа Кәсіпорынның өз қаражатының 1 пайызы мөлшерінде мәдени-көпшілік, дene шынықтыру-сауықтыру жұмысы мен Кәсіподактың колданыстағы Қазақстан Республикасының заннамасына қайши келмейтін өзге де жарғылық мақсаттарын үйімдастыру үшін қаражат аударады.

7.21. Жұмыс беруші Кәсіподакқа ай сайын аударып отыратын Кәсіпорынның табысының 1 пайызы есебінен Кәсіподак келесі жағдайларда Кәсіподак мүшелеріне материалдық көмек көрсетеді:

1) Қазақстан Республикасында Мүгедектігі бар адамдар күніне (казан айының екінші жексенбісі) орай, 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы (балаларды) тәрбиелеп отырган қызметкерлерге – 10 АЕК мөлшерінде;

- 2) Халықаралық карттар күніне орай, зейнет жасына жетуіне байланысты зейнетке шыққан және Кәсіпорында кемінде 5 жыл жұмыс істеген қызметкерлерге – 3 АЕК мөлшерінде;
- 3) Білім күніне орай, туган немесе асырап алған балаларын әкесі немесе анасы жок жағдайда тәрбиелеп отырган және алимент алмайтын жалғызбасты ата-аналар болып табылатын қызметкерлерге, балалары толық орта немесе негізгі орта білім алғанға дейін – әр балаға 5 АЕК мөлшерінде.

7.22. Кәсіподак қызметіне белсенді қатысқаны үшін Кәсіподак мүшелері мынадай көтермелек түрлерімен марапатталуы мүмкін:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) сыйакы беру;
- 3) бағалы сыйлықпен марапаттау;
- 4) Кәсіподактың Құрмет грамоталары және өзге де марапат белгілерімен марапаттау;
- 5) басқа да көтермелекшелер.

7.23. Жұмыс беруші Кәсіподак қызметін тегін қамтамасыз етеді: жұмыс белмесін, кеңсе техникасын, кеңсе тауарларын береді, ғаламдық Интернет желісіне қолжетімділікті қамтамасыз етеді, Кәсіпорынның ақпараттық және өзге де технологияларын пайдалануда қолдау көрсетеді, сондай-ақ қажет болған жағдайда жалпы жиналыстар, конференциялар, форумдар және т.б. кәсіподак бағыты бойынша өткізу үшін үй-жайлар, конференц-залдар және өзге де алаңдарды ұсынады.

## **8. ҰЖЫМДЫҚ ШАРТҚА ӨЗГЕРИСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ**

8.1. Осы Ұжымдық шартқа өзгерістер мен толықтырулар еңгізу үшін қызметкерлердің жалпы жиналысы өткізіліп, келіссөздер жүргізіледі және оған қосымша келісім жобасы дайындалады. Қосымша келісім тараптардың үекілдегі өкілдерімен қол қойылады.

8.2. Ұжымдық келіссөздер жүргізу және ұжымдық шартқа қосымша келісім жобасын дайындау үшін тараптар тәң негізде комиссия қурады. Комиссия мүшелерінің саны, дербес құрамы, жобаны әзірлеу және ұжымдық шартқа қол қою мерзімдері тараптардың келісімімен айқындалады.

8.3. Кәсіподакка мүше емес қызметкерлер жұмыс берушімен өзара қатынастарда өз мүдделерін білдіру үшін кәсіподак органына өкілдік беруге құқылы.

8.4. Комиссия әзірлеген ұжымдық шартқа қосымша келісім жобасы Кәсіпорын қызметкерлері тарапынан міндепті түрде талқылануы тиіс. Жоба комиссиямен келіп түскен ескертпелер мен ұсыныстарды ескере отырып пысықталады.

8.5. Тараптар келісімге келген жағдайда ұжымдық шартқа қосымша келісім кемінде үш дана етіп жасалып, тараптардың өкілдерімен қол қойылады.

8.6. Ұжымдық шартқа қосымша келісімнің жекелеген ережелері бойынша тараптар арасында келіспеушіліктер туындаған кезде тараптар қосымша келісімді келісліген шарттарда қол қоюға және бір мезгілде келіспеушіліктер туралы хаттаманы олардың туындаған күнінен бастап бір ай ішінде жасауға міндепті.

8.7. Ұжымдық келіссөздер барысында туындаған келіспеушіліктер енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды реттеу үшін одан әрі ұжымдық келіссөздер жүргізудің негізі және нысанасы бола алады.

8.8. Ұжымдық шартқа өзгерістер мен толықтырулар тек тараптардың өзара келісімі бойынша, КР Еңбек кодексінде және осы Шартта белгіленген тәртіппен енгізіледі.

8.9. Ұжымдық келіссөздерге қатысушылар алынған мәліметтерді, егер ол мәліметтер мемлекеттік күпияны, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де күпияны кураса, жария етуге құқығы жок.

8.10. Ұжымдық келіссөздерге қатысушылар келіссөздер өткізу уақытына енбек міндептерін орындаудан босатылуы мүмкін, бұл ретте оларға жалақысы сакталады.

8.11. Жұмыс беруші тараптар қол қойған ұжымдық шартқа қосымша келісімді қол

қойылған күннен бастап бір ай ішінде мониторинг жүргізу үшін Ақмола облысының Еңбек инспекциясы баскармасына келісуге ұсынуға міндетті.

## **9. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТЫ ОРЫНДАУҒА БАҚЫЛАУЫ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

9.1. Шарттың әрбір тарапы өз өкілеттіктері шегінде оның мақсаттарын іске асыруға жауапты болады және туындастын мәселелерді тең құқықтылық, өзара құрмет, ымырашылдық және келісім қағидаттары негізінде шешуге міндеттенеді.

9.2. Ұжымдық шартты жасасуға, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге арналған келіссөздерге қатысадан өкілдердің жалтаруы немесе ұжымдық шартты жасасудан негіzsіз бас тартуы, келіссөздер мерзімдерін бұзу және тиісті комиссия жұмысының қамтамасыз етілмеуі, келіссөздер жүргізу және ұжымдық шарттың ережелерінің сақталуына бақылау жүргізу үшін қажетті акпараттың берілмеуі, сондай-ак оның талаптарын бұзу немесе орынданмау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

9.3. Осы Шарттың 9.2-тармағында көрсетілген әрекеттерді жасаған жұмыс берушінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері жеке жауапкершілікке тартылады және оларға тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылады.

9.4. Ұжымдық шарт талаптарының орындалуына қызметкерлер тарапынан бақылауды жергілікті Қесіподак, жұмыс беруші тарапынан – Қесіпорынның ұжымдық шарттың тиісті бағыттарына жауапты құрылымдық бөлімшелері (құқықтық және кадрлық қамтамасыз ету бөлімі, бухгалтерия бөлімі және т.б.) жүзеге асырады. Жұмыс беруші тарапынан жалпы бақылауды Қесіпорынның бірінші басшысы жүзеге асырады.

## **10. ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ӨКІЛДЕРІНІҢ ПІКІР ЕСЕПКЕ АЛЫНАТЫН АКТІЛЕРИ**

10.1. Негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподактың сайланбалы органдарының мүшелері кәсіподак органының уәжді пікірі алынбайынша тәртіптік жазага тартылмайды. Негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподак органының басшысы (төрағасы) тек жоғары тұрған кәсіподак органының уәжді пікірі негізінде ғана тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

10.2. Негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподактың сайланбалы органдарының мүшелерімен еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу жалпы тәртіпі сақтай отырып, олардың мүшесі болып табылатын кәсіподак органының уәжді пікірі ескеріле отырып жүргізіледі, жұмыс беруші – жеке тұлға қызметін токтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайларды қоспағанда. Негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподак органының басшысымен (төрағасымен) еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыс беруші – жеке тұлға қызметін токтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайларды қоспағанда жоғары тұрған кәсіподак органының уәжді пікірі алынбайынша бұзу мүмкін емес.

10.3. Осы Шарттың 10.1. және 10.2. тармактарында көрсетілген тұлғаларға тәртіптік жаза қолдану немесе еңбек шартын бұзу туралы жұмыс беруші актісінің жобасы Қесіпорынның кадр бөлімі арқылы кәсіподак органының уәжді пікірін алу үшін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Профсоюзға жіберіледі.

10.4. Профсоюз жұмыс беруші актісінің жобасымен келіспейтіні туралы уәжді және дәлелді қорытынды берген жағдайда, Қесіпорынның бірінші басшысы тәртіптік жаза қолдану немесе еңбек шартын бұзу алдында 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қесіпорынның Келісім комиссиясы аясында келіссөздер жүргізеді немесе қызметтік тергеу тағайындаиды.

10.5. Қесіпорынның Келісім немесе тәртіптік комиссиясы отырысының қорытындылары бойынша ұсыныстар осы Шарттың 10.1. және 10.2. тармактарында көрсетілген тұлғаларға тәртіптік жаза қолдану немесе еңбек шартын бұзу туралы шешім қабылдауға негіз болып табылады.

10.6. Кәсіпорынның Келісім немесе тәртіптік комиссиясы мүшелерінің іс-әрекеттері мен шешімдеріне аумақтық Еңбек инспекциясына немесе сот тәртібімен шағымдануға болады.

10.7. Жұмыс беруші Профсоюзга қызметкерлердің саны немесе штаты қысқартылуына байланысты жұмыстан босату туралы бұйрық жобаларын, сондай-ақ жұмыстан босату туралы шешім қабылдауга негіз болатын күжаттардың көшірмелерін алдын ала, бірақ бір айдан кешіктірмей ұсынуға міндетті. Мұндай күжаттарға колданыстағы штат кестесі, жана штат кестесінің жобасы, қызметкерлердің саны немесе штаты қысқартылуын жүргізудің қажеттілігін растайтын күжат, жұмыспен қамту органдарына хабарлама және босатылатын қызметкерлерді жұмысқа орналастыру бойынша жоспарланған іс-шаралар жатады.

10.8. КР Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша (жұмыс беруші таратылғанда, қызметкерлер саны немесе штаты қысқартылғанда) жұмыстан босату туралы ескертү алған қызметкерлерге жұмыс іздеумен өз бетінше айналысу үшін аптастына кемінде бес сағат бос уакыт беріледі, бұл ретте олардың жалақысы сакталады.

10.9. Қызметкерлер саны немесе штаты қысқарған кезде жұмыс орнында қалуға басым құқыққа ие:

- 1) зейнеткерлік жасқа дейінгі (зейнеткерлік жасқа дейін 2 жыл қалған) қызметкерлер;
- 2) Кәсіпорында 5 және одан да көп жыл жұмыс істеген қызметкерлер;
- 3) көп балалы (4 және одан көп баласы бар) ата-аналар;
- 4) еңбекте жоғары сапалық көрсеткіштері бар қызметкерлер;
- 5) 18 жасқа дейінгі балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған қызметкерлер;
- 6) асырауында мүгедектер, жас балалар бар қызметкерлер;
- 7) отбасының жалғыз асыраушысы болып табылатын қызметкерлер;
- 8) жас мамандар, балалар үйінің тәрбиленушілері;
- 9) жұмыс берушіге жүктілік туралы анықтама берген жүкті әйелдер.

10.10. Қызметкерлер саны немесе штаты қысқартылған кезде жұмыстан босатылатын қызметкерлер колданыстағы Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген кепілдіктер мен өтемақыларды алады, сондай-ақ білім деңгейіне, еңбек өтіліне және лауазымға қойылатын өзге де таланттарға сәйкес келетін бос жұмыс орындары пайда болған жағдайда Кәсіпорында жұмысқа орналасуға басым құқыққа ие.

## **11. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІНІҢ 207-БАБЫНЫң 1-ТАРМАҒЫНА СӘЙКЕС ЗЕЙНЕТ ЖАСЫНА ЖЕТКЕН АДАМДАРДЫ АУЫР, ЗИЯНДЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҚАУШТІ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАРҒА ЖІБЕРУ ТӘРТІБІ**

11.1. Қазақстан Республикасының колданыстағы заннамасында белгіленген зейнет жасына жеткен адамдарды ауыр, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстарға жіберу тек осы қызметкерлердің мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуінен кейін ғана жүзеге асырылады.

11.2. Жұмыс беруші өзінің қараждаты есебінен Қазақстан Республикасының колданыстағы заннамасында белгіленген зейнет жасына жеткен, ауыр, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстарда жұмыстарда істейтін қызметкерлерге мерзімдік медициналық қарап-тексерулер мен тексерулер үйимдастырады.

11.3. Қазақстан Республикасының колданыстағы заннамасында белгіленген зейнет жасына жеткен адамдар ауыр, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстарды бастар алдында жұмыс беруші белгілеген және Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген тәртіппен еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті корғау бойынша нұскамадан өтеді және білімін тексеруден өтеді.

11.4. Осы Шарттың 11.1-тармағында көрсетілген ауыр, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстарда істейтін қызметкерлер үшін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізбесіне сәйкес аптасына 36 сағаттан аспайтын қысқартылған жұмыс уақыты белгіленеді.

## **12. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САУЫҚТЫРУЫ, САНАТОРИЙ-КУРОРТЫҚ ЕМДЕЛУІ, ДЕМАЛЫСЫ ЖӘНЕ ЖАППАЙ СПОРТТЫ ДАМЫТУ БОЙЫНША ИС-ШАРАЛАР**

12.1. Қызметкерлерді сауықтыру және олардың әлеуметтік қамсыздандырылуын жақсарту мақсатында еңбек міндеттерін орындау кезінде демалыс пен тамактану үзілістерінде қызметкерлерге мынадай женілдіктер беріледі:

- 1) Кәсіпорын асханасында тамактану құнының 50%-ын женілдікпен төлеу;
  - 2) Кәсіпорын қызметкерлерінің бассейн мен саунаны 50% женілдікпен пайдалануы;
  - 3) Кәсіпорын қызметкерлерінің спорт кешенінің тренажер залдарын 50% женілдікпен пайдалануы;
  - 4) Кәсіподактың әрбір мүшесіне кәмелетке толмаған екі балага дейін бірге айна төрт рет тегін бассейн мен ойын залдарына бару.

12.2. Кәсіподақ каржылық мүмкіндіктері болған жағдайда өз қараждаты мен тартылған қараждат есебінен кәсіподақ мүшелеріне жылдық еңбек демалысы немесе ақысыз демалыс кезеңінде санаторий-курорттық емделуге жөнілдік береді.

12.3. Санаторий-курорттың емделуге жөнілдікті беру кәсіподақ комитетінің отырысында кәсіподақ мүшелерін сауықтыру бойынша кезектілік тізіміне сәйкес жүзеге асырылады.

12.4. Кәсіподактың сауыктыру және санаторий-курорттық емделуге кезектілік тізімдері кәсіподак мүшесінің кәсіподак комитетіне жеке өтініш беруі арқылы калыптастырылады.

12.5. Санаторий-курорттың емделуден бас тартқан кәсіподақ мүшелеріне санаторий-курорттың емделудің күны (женеңлік) акшалай түрде төленбейді.

### **13. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН ЖУМЫС БЕРУШІНІҢ КЕЛТІРГЕН ЗАЛАЛЫ ҮШИН ЖАУАПКЕРШІЛГІ**

13.1. Еңбек шарты тараптарының бірінің екінші тарапқа келтірген зиян (залал) үшін материалдық жауапкершілігі кінәлі заңға кайшы әрекеттер (әрекет немесе әрекетсіздік) мен келтірілген зиян (залал) арасындағы себеп-салдарлық байланыс болған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде және өзге де зандарында өзгеше көзделмесе ғана туындейды.

13.2. Еңбек шарты тараптарының бірі келтірген зиянды (залалды) Қазақстан Республикасының осы Кодексіне және өзге де заңдарына сәйкес өтейді.

13.3. Зиян (залал) келтірілгеннен кейін еңбек шартының тоқтатылуы еңбек шарты тараптарының зиянды (залалды) өтеу жөніндегі материалдық жауапкершілікten босатылуына әкеп сокпайды.

## **14. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

14.1. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды, қол койылып, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау мемлекеттік инспекциясы комитеттің Ақмола облысы бойынша департаментіне арналған тараптардың әркайсысы және РММ үшін бірдей занды күші бар З (уш) данада мөрлермен бекітілген.

14.2. Ұжымдық шарт Қазақстан Республикасы Енбек және халықтың әлеуметтік қорғау мемлекеттік инспекциясы комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментінде келісілген сәттен бастап күшіне енеді.

14.3. Шарттың көшірмелері барлық құрылымдық бөлімшелерге және мұдделі қызметкерлерге жазбаша сұрау салу бойынша беріледі.

14.4. Ұжымдық шарттың колданылуы жұмыс берушіге және ұжымдық шарт жасалған кәсіпорын қызметкерлеріне, сондай-ақ оған қосылған қызметкерлерге тарапады. Қосылу тәртібі мен шарттары ШЖ немесе ұжымдық шартта айқындалады.

14.5. Кәсіпорын таратылған жағдайда немесе оның банкроттығы жарияланған кезде ұжымдық шарт барлық қызметкерлермен еңбек шарттарының тоқтатылған күнінен бастап өз күшін жояды.

## 15. ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

«Қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚҚ директорының м.а.

Р. Кантарбаев

2025 жылғы 10 шілде

«Қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы»  
егілік есіподак төрагасы

А. Швецов

2025 жылғы 10 шілде